




Биологиялық материалдан ДНҚ экстракциялауға арналған реагенттер жинағы

## **МагноПрайм ФАСТ**

**Медициналық бұйымды медицинада қолдану  
жөніндегі нұсқаулық**



"НекстБио" ЖШҚ, Ресей, 111394,  
Мәскеу қ., Полимерная көш., 8 үй, 2 бет,  
тел. (495) 620-08-73, e-mail: info@nextbio.ru



## 1. ТАҒАЙЫНДАЛУЫ

«МагноПрайм ФАСТ» реагенттер жинағы (бұдан әрі мәтін бойынша - жинақ) полимеразды тізбекті реакция (ПТР) әдісімен кейіннен зерттеу үшін биологиялық материалдан (урогенитальді жолдарының (қынаптың, цервикальді каналдың, уретраның), ауыз жұтқыншақтың, тік ішектің, конъюнктиваның, везикулалық бөртпелердің және тері мен шырышты қабықтардың эрозиялық-ойық жаралы зақымдануларының қырынды материалы немесе шырышты қабаттың бөлінділері; несеп, қуықасты безінің сөлі) биологиялық агенттердің<sup>1</sup> ДНҚ-ны алуға арналған.

Жинақты осы нұсқаулықта көрсетілген әрекеттер тізбегі бағдарламаланған жағдайда нуклеин қышқылдарын алу үшін автоматты станциялармен бірге пайдалануға болады.

### Осыған сәйкес медициналық бұйым өндірілген нормативтік құжаттың атауы:

ТШ 21.20.23-023-09286667-2017

## 2. ЖИНАҚ СИПАТТАМАСЫ

### 2.1. Құрамы мен жинақталымы

Жинақтың құрамы және жеткізу жинақталымы тиісінше 1 және 2-кестеде көрсетілген.

Жинақ бақылауды қоса алғанда, 96 үлгіден ДНҚ-ны бөлуге арналған.

1-кесте

#### Жинақ құрамы

| Реагент                                                                                                                | Мөлшері, мл | Саны       | Сипаттамасы                                                     |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------|------------|-----------------------------------------------------------------|
| Буфер L <sup>2</sup><br><br>Қауіпті | 19,2        | 1 құты     | Лизирлеуші ерітінді.<br>Мөлдір түссіз сұйықтық. <sup>3</sup>    |
| Буфер E                                                                                                                | 72,0        | 1 құты     | Шаю және элюцияға арналған ерітінді.<br>Мөлдір түссіз сұйықтық. |
| МГС                                                                                                                    | 0,96        | 1 пробирка | Магниттелген силика.<br>Қоңыр түсті суспензия.                  |
| ІБҮ – FL                                                                                                               | 0,96        | 1 пробирка | Ішкі бақылау үлгісі.<br>Мөлдір түссіз сұйықтық.                 |
| Жинақты қолдану бойынша қысқаша нұсқаулық                                                                              | -           | -          | Қағаз түрінде                                                   |

<sup>1</sup> Бактериялар, вирустар, зеңдер, қарапайымдар.

<sup>2</sup> Буфер L құрамында қауіпті заттар бар: гуанидин тиоцианат, гуанидин хлорид, изопропанол, 1-тиоглицерол, тритон X-100. Реагенттермен жұмыс жасау барысында сақтық шараларын "Сақтық шаралары және ескертулер" нұсқаулығынан қараңыз.

<sup>3</sup> Буфер L сақтау кезінде кристалдар түрінде тұну пайда болуы мүмкін.

Шешімі: N037199

Шешім тіркелген күні: 03.03.2021

Мемлекеттік орган басшысының (немесе уәкілетті тұлғаның) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса): Ахметниязова Л. М.

(Тауарлар мен көрсетілген қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті)

Осы құжат «Электронды құжат және электрондық цифрлы қол қою жөнінде» 2003 жылғы 7 қаңтардағы ҚРЗ 7-бабы 1-тармағына сәйкес қағаз түріндегі құжатқа тең

**Жинақ жинақталымы**

| Компонент                           | Формат                                                                                                                        | Саны |
|-------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------|
| Реагенттер жинағы                   | –                                                                                                                             | 1    |
| Жинақты қолдану жөніндегі нұсқаулық | электронды түрде өндірушінің ресми сайтында:<br><a href="http://www.nextbio.ru/reagents/">http://www.nextbio.ru/reagents/</a> | 1    |
| Сапа паспорты                       | электронды түрде өндірушінің ресми сайтында:<br><a href="http://www.nextbio.ru/passport/">http://www.nextbio.ru/passport/</a> | 1    |

**2.2. Әдістің принципі**

100 мкл мөлшеріндегі зерттелетін үлгі<sup>4</sup> магниттелген силика бөлшегі – магнитті сорбенттің болуымен лизирлеуші ерітінді арқылы өңделеді. Нәтижесінде жасуша жарғақшалары, вирустық қабықтары және басқа биополимер кешендерінің деструкциясы, ДНҚ босауы болады. Ерітілген ДНҚ сорбент бөлшектерімен байланысады, ал лизирленген биологиялық материалдың басқа компоненттері ерітіндіде қалады және сорбентті магнитті штативтік/стерженге тұндыру немесе центрифуганы қолдана отырып сорбентті жуу арқылы жойылады. ДНҚ элюциясы үшін буфер магнитті сіңіргішке қосылған кезде ДНҚ силика бетінен ерітіндіге ауысады, содан кейін ол сорбент бөлшектерінен магнитті күшпен немесе центрифугалау арқылы бөлінеді.

**3. САПАНЫ БАҚЫЛАУ**

ДНҚ экстракция кезеңін бақылау амплификация кезеңі нәтижелерінің дұрыстығын бағалаумен бір мезгілде жүзеге асырылады.

**3.1. ДНҚ экстракциясын теріс және оң бақылау**

Алынатын нәтижелердің сапасын бағалау үшін экстракцияланатын үлгілердің әрбір тобы бақылау үлгілерін қамтуы тиіс:

- жалған оң нәтижелердің жоқтығын растау және контаминацияны бақылау үшін теріс бақылау (ТБ). ТБ ретінде амплификация жүргізу үшін реагенттер жинағының құрамына кіретін реагент қолданылады;

- егер ол ПТР-зерттеу жүргізу үшін көзделген болса, оң бақылау (ОБ). ОБ ретінде амплификация жүргізу үшін реагенттер жинағының құрамына кіретін реагент пайдаланылады.

Бақылауларға арналған нәтижелер амплификацияны жүргізу үшін реагенттер жинағын қолдану жөніндегі нұсқаулықта көрсетілген сәйкестіктің берілген өлшемдеріне сәйкес келуі тиіс.

<sup>4</sup> Биологиялық материалдың кейбір түрлері материалды көлік ортасына орналастыруды және / немесе алдынала өңдеу кезеңін қажет етеді. Нұсқаулықтың "Зерттелетін материал" бөлімін қараңыз.

Шешімі: N037199

Шешім тіркелген күні: 03.03.2021

Мемлекеттік орган басшысының (немесе уәкілетті тұлғаның) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса): Ахметниязова Л. М.

(Тауарлар мен көрсетілген қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті)

Осы құжат «Электронды құжат және электрондық цифрлы қол қою жөнінде» 2003 жылғы 7 қаңтардағы ҚРЗ 7-бабы 1-тармағына сәйкес қағаз түріндегі құжатқа тең

### 3.2. Тежеуішті бақылау

ПТР-зерттеуде амплификация нәтижелеріне тежеуіштердің әсерін бағалау үшін экзогенді<sup>5</sup> және эндогенді<sup>6</sup> ІБҮ қолданылуы мүмкін. Экзогенді ІБҮ амплификация жүргізу үшін реагенттер жинағын қолдану жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес әрбір зерттелетін және бақыланатын үлгілерге қосу қажет. ІБҮ талдау үлгілерімен бірге экстракцияның барлық сатылары өтіп жатыр. ІБҮ зерттеу нәтижелері амплификация жүргізу үшін жинақты қолдану жөніндегі нұсқаулықта көрсетілген сәйкестік өлшемдеріне сәйкес келуі тиіс.

### 3.3. Контаминацияның болуына зертхана мониторингі

Айына бір рет амплификация өнімдерімен, зерттелетін үлгілермен, оң бақылау үлгілерімен контаминацияға зертхана мониторингін жүргізу ұсынылады. Контаминацияның болуын/болмауын бағалау әртүрлі объектілерден: птпеткалардан, зертханалық жиназдың жұмыс беттерінде, жабдықтар мен үй-жайлардың беттерінде шайындыларды зерттеу жолымен жүргізіледі.

---

## 4. ӘДІСТІ ШЕКТЕУ

---

4.1. «МагноПрайм ФАСТ» жинағы тек *in vitro* диагностикасы үшін қолданылады.

4.2. Жинақ тек "Тағайындау" бөлімінде көрсетілген биологиялық материалдан биологиялық агенттердің ДНҚ экстракциялауға арналған. ДНҚ-ны биологиялық материалдың басқа түрінен бөліп алу үшін жинақты қолдану жинақ жұмысының негізіндегі әдістеменің әрекет ету тиімділігіне кепілдік бермейді және дәйексіз нәтиже алуға әкелуі мүмкін.

4.3. "Зерттелетін материал" бөлімінде көрсетілген зерттелетін материалдың үлгілерін алуға, тасымалдауға, дайындауға және сақтауға қойылатын талаптарды сақтау қажет. Осы талаптарды орындамау ДНҚ экстракциясының тиімділігіне әсер етуі мүмкін.

4.4. Жинақты молекулалық диагностика әдістеріне және клиникалық-диагностикалық зертханада жұмыс істеу ережелеріне оқытылған персонал ғана қолдана алады.

---

## 5. САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ ЖӘНЕ ЕСКЕРТУ

---

5.1. Жұмыс санитарлық-эпидемиологиялық ережелерді сақтай отырып, инфекциялық аурулар қоздырғыштарының болуына биологиялық материалды молекулалық-биологиялық зерттеуді орындайтын зертханада жүргізілуі тиіс.

5.2. Жұмыс кезінде келесі талаптарды орындау қажет:

- Жинақты осы Нұсқаулыққа сәйкес қатаң түрде қолдану керек. Жазылып берілген процедуралар мен іс-қимылдар тәртібінен ауытқу талдаудың дұрыс емес нәтижелерін алуға әкелуі мүмкін.

---

<sup>5</sup> «МагноПрайм ФАСТ» жинағындағы ІБҮ-FL немесе амплификация жүргізуге арналған реагенттер жинағының құрамына кіретін ІБҮ.

<sup>6</sup> Эндогенді ІБҮ ретінде амплификацияны жүргізуге арналған реагенттер жинағымен көзделген нысаналар пайдаланылады.

Шешімі: N037199

Шешім тіркелген күні: 03.03.2021

Мемлекеттік орган басшысының (немесе уәкілетті тұлғаның) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса): Ахметниязова Л. М.

(Тауарлар мен көрсетілген қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті)

Осы құжат «Электронды құжат және электрондық цифрлы қол қою жөнінде» 2003 жылғы 7 қаңтардағы ҚРЗ 7-бабы 1-тармағына сәйкес қағаз түріндегі құжатқа тең

- Зертханалық үдеріс бір бағытты болуы керек. Талдауды жеке үй-жайларда (аймақтарда) жүргізу керек. Үдерістің алдыңғы сатысы жүргізілген аймаққа үлгілерді, жабдықтарды және реагенттерді қайтармау керек.

- Зерттелетін үлгілерді инфекциялық-қауіпті деп қарастыру керек.

- Дезинфекциялайтын заттарды пайдалана отырып төгілген үлгілерді немесе реагенттерді жинау және дезинфекциялау керек.

- Пайдаланылмаған реагенттерді, жарамдылық мерзімі өткен реагенттерді, сондай-ақ пайдаланылған реагенттерді, қаптаманы<sup>7</sup>, биологиялық материалмен ластанған материалдарды, құралдар мен заттарды қоса алғанда биологиялық материалды<sup>8</sup> жою керек.

- Әр операция кезінде сүзгісі бар автоматты дозаторларға<sup>9</sup> арналған бір рет қолданылатын ұштықтарды пайдалану және ауыстыру керек. Бір рет қолданылатын пластик ыдысты (пробиркалар, ұштықтар) медициналық қалдықтарды залалсыздандыру үшін пайдаланылуы мүмкін дезинфекциялаушы заттан тұратын арнайы контейнерге салу қажет.

- Жинақ үлгілердің көрсетілген санынан ДНҚ экстракциясын жүргізу үшін бір рет қолдануға арналған ("Құрамы және жинақталымы" бөлімін қараңыз).

- Жинақпен жұмыс істеуге молекулалық диагностика әдістеріне және белгіленген тәртіппен клиникалық-диагностикалық зертханада жұмыс істеу ережелеріне оқытылған қызметкерлер ғана жіберіледі.

- Егер реагенттің ішкі қаптамасы бұзылған немесе сыртқы түрі сипаттамаға сәйкес келмесе, жинақты пайдаланбаңыз.

- Нұсқаулыққа сәйкес тасымалдау және сақтау шарттары сақталмаса, жинақты пайдаланбаңыз.

- Жинақтың түрлі серияларынан реагенттерді араластырмаңыз.

- Жарамдылық мерзімі өткеннен кейін жинақты пайдаланбаңыз.

- Бір реттік опаланбаған қолғаптарды, зертханалық халаттарды пайдалану, үлгілермен және реагенттермен жұмыс істеу кезінде көзді қорғау керек. Жұмыс аяқталғаннан кейін қолды мұқият жуыңыз. Барлық операциялар адам ағзасымен жанасуды болдырмау үшін қолғаптармен ғана жүргізіледі.

- Жинақты пайдалану үдерісі кезінде ештеңе жеменіз, ішпеңіз және шылым шекпеңіз. Бүмен тыныс алуды, тері, көз және шырышты қабықпен жанасуды болдыртпаңыз. Жұтпаңыз.

- Жанасу кезінде зардап шеккен жерді судың көп мөлшерімен жуу керек, жағдай нашарлаған кезде медициналық көмекке жүгіну қажет. Ішке түскен кезде, құсуды тудырмау керек, ауызды сумен шайып, өзіңізді нашар сезінген кезде дәрігерге жүгіну керек.

---

<sup>7</sup> Пайдаланылмаған реагенттер, жарамдылық мерзімі өткен реагенттер, пайдаланылған реагенттер, қаптама Г медициналық қалдықтардың қауіптілік класына жатады.

<sup>8</sup> Материалмен ластанған құралдар мен заттарды қоса алғанда, биологиялық материал Б медициналық қалдықтарының қауіптілік класына жатады.

<sup>9</sup> Экстракция үдерісінде тұнба үстіндегі сұйықтықты кетіру үшін сүзгісіз бір рет қолданылатын ұштықтар пайдаланылады.

Шешімі: N037199

Шешім тіркелген күні: 03.03.2021

Мемлекеттік орган басшысының (немесе уәкілетті тұлғаның) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса): Ахметниязова Л. М.

(Тауарлар мен көрсетілген қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті)

Осы құжат «Электронды құжат және электрондық цифрлы қол қою жөнінде» 2003 жылғы 7 қаңтардағы ҚРЗ 7-бабы 1-тармағына сәйкес қағаз түріндегі құжатқа тең

- Жинақ құрамына кіретін Буфер L құрамында келесі қауіпті заттар бар: гуанидин тиоцианат, гуанидин хлорид, изопропанол, тритон X-100, 1-тиоглицерол. Осы реагентпен жұмыс істеу кезінде талап етілетін қауіптілік және сақтық шаралары туралы мәлімдемелер 3-кестеде сипатталған.

3-кесте

### Буфер L жұмыс істеу кезіндегі қауіптілік және сақтық шаралары туралы мәлімдемелер

| Қауіптілік туралы мәлімдеме                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |
|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p>H225: Тез тұтанатын сұйықтық және бу.<br/>H302: Жұтылған кезде зиянды.<br/>H311: Терімен жанасқан кезде уытты.<br/>H312: Терімен жанасқан кезінде зиянды.<br/>H315: Терінің тітіркенуін тудырады.<br/>H319: Көздің қатты тітіркенуін тудырады.<br/>H332: Тыныс алу кезінде зиянды.</p>                                                                                                                                                                                                                                            | <p>H336: Әлсіздік немесе ұйқышылдық тудыруы мүмкін.<br/>H411: Ұзақ мерзімді салдары бар су организмдері үшін уытты.<br/>H412: Ұзақ мерзімді салдары бар су организмдері үшін зиянды.<br/>EUN032: Қышқылдармен байланысқан кезде өте уытты газдар шығарылады.</p>                                                                                          |
| Сақтық шаралары                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |
| <p>P210: Жылу көздерінен, ыстық беттерден, ұшқындардан, ашық жалыннан және басқа да тұтанудан аулақ болыңыз. Темекі шегуге болмайды.<br/>P233: Тығыз жабылған ыдыста сақтаңыз.<br/>P241: Жарылыс қауіпсіз электр жабдығын пайдалану керек.<br/>P242: Тек ұшқын емес құралдарды пайдаланыңыз.</p>                                                                                                                                                                                                                                     | <p>P305+P351+P338: КӨЗГЕ ТҮСКЕН КЕЗДЕ: Көзді бірнеше минут бойы сумен абайлап жуыңыз. Жанаспалы линзалар болған жағдайда оларды шешіп, сумен жууды жалғастыру керек.<br/>P312: Нашар сезінген кезде дәрігерге бару.<br/>P332+P313: Тері тітіркенген кезде: дәрігерге қаралу керек.</p>                                                                    |
| Сақтық шаралары                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |
| <p>P261: Бүмен дем алудан аулақ болыңыз.<br/>P264: Жұмыс істегеннен кейін қолды мұқият жуыңыз.<br/>P270: Бұл бұйымды пайдалану үдерісінде ішпеңіз, жемеңіз және шылым шекпеңіз.<br/>P271: Тек ашық ауада немесе жақсы желдетілетін бөлмеде пайдаланыңыз.<br/>P273: Қоршаған ортаға түсуден аулақ болу керек.<br/>P280: Қорғаныш қолғаптар мен көзді қорғау құралдарын пайдалану керек.<br/>P303+P361+P353: Теріге (немесе шашқа) тиген кезде: барлық ластанған киімді дереу шешіңіз. Теріні сумен жуу немесе душ қабылдау керек.</p> | <p>P337+P313: Егер көздің тітіркенуі кетпесе, медициналық кеңес алу керек.<br/>P362 + P364: Ластанған киімді шешіп, оны қайта пайдалану алдында жуыңыз.<br/>P370+P378: Өрт болған жағдайда: өрт сөндіргішті сөндіру үшін пайдаланыңыз.<br/>P403+P235: Салқын, жақсы желдетілетін жерде сақтаңыз.<br/>P501: Бұйымды ұлттық ережелерге сәйкес тастаңыз.</p> |

- Жинақ құрамына кіретін Буфер E, МГС және ІВУ-FL құрамында 0,1%-дан аспайтын концентрацияда натрий азиді бар және тиісінше қауіпті деп жіктелмейді және осы бөлімде көрсетілгендерден басқа, арнайы сақтық шараларын сақтауды талап етпейді.

- Буфер L реагенттің қауіпсіздік парағы сұрау бойынша қол жетімді.

- Жинақты тағайындалуы бойынша пайдалану және жоғарыда аталған сақтық шараларын сақтау адам организміне теріс әсерін келтірмейді. Төтенше жағдайлар кезінде теріге және көздің шырышты қабығына түскен кезде, дем алған кезде және жұтқан кезде зиян келтіруі мүмкін.

5.3. Жинақтың адам организміне айрықша әсері:

- Канцерогенді әсері жоқ.
- Мутагендік әсері жоқ.
- Репродуктивті уыттылығы жоқ.

Шешімі: N037199

Шешім тіркелген күні: 03.03.2021

Мемлекеттік орган басшысының (немесе уәкілетті тұлғаның) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса): Ахметниязова Л. М.

(Тауарлар мен көрсетілген қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті)

Осы құжат «Электронды құжат және электрондық цифрлы қол қою жөнінде» 2003 жылғы 7 қаңтардағы ҚРЗ 7-бабы 1-тармағына сәйкес қағаз түріндегі құжатқа тең

## 6. ҚОСЫМША ЖАБДЫҚТАР МЕН МАТЕРИАЛДАР

### 6.1. Зерттелетін материалды алу

6.1.1. Құрамында консервант бар биологиялық материалды (қырынды материалды және урогенитальді жолдардың, тік ішектің, ауыз жұтқыншақтың, конъюнктиваның, тері мен шырышты қабықтардың эрозиялық-жаралы зақымдануы) алуға, тасымалдауға және сақтауға арналған тасымалдау ортасы.

6.1.2. Урогенитальді жолдардың (цервикальді каналдың, қынаптың, уретраның), тік ішектің, ауыз-жұтқыншақтың, конъюнктиваның, тері мен шырышты қабықтардың эрозиялық-жаралы зақымданған, бір рет қолданылатын, стерильді қабықтың шырышты қабығының бетінен биологиялық материал алуға арналған зонд. Несепті және қуық асты безінің сөлін алу, тасымалдауға және сақтауға, бір рет қолдануға арналған сыйымдылық.

### 6.2. Несепті алдын ала өңдеу

6.2.1. Құрамында консервант немесе физиологиялық ерітіндісі бар биологиялық материалды алуға, тасымалдауға және сақтауға арналған (0,9% NaCl) стерильді тасымалдау ортасы.

6.2.2. Бір реттік микроцентрифугалық полипропилен тығыз жабылатын көлемі 1,5 мл пробиркалар.

6.2.3. 1000 мкл-ге дейінгі сүзгісі бар ауыспалы көлемді дозаторларына арналған бір реттік ұштықтар.

6.2.4. 200 мкл дейін сүзгісіз ауыспалы көлемді дозаторларға арналған бір реттік ұштықтар.

6.2.5. Мөлшері 1,5 мл "Эппендорф" типті пробиркаға арналған, 10 000 g кем емес жеделдетумен микроцентрифуга.

6.2.6. Тұнба үстіндегі сұйықтықты жоюға арналған колба-қармағышы бар вакуумдық сорғыш.

6.2.7. Вортекс.

6.2.8. 1000 мкл ауыспалы көлемнің автоматты дозаторы.

### 6.3. НҚ экстракциясы үшін автоматты станциялармен бірге жинақты пайдалану кезінде

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Жинақпен жұмыс істеу кезінде ДНҚ-ның жоқтығына сертифициталған бір реттік полипропилен пробиркаер мен ұштықтарды ғана пайдалану керек.

6.3.1. Ламинарлық бокс биологиялық қауіпсіздік класы - II, түрі-А.

6.3.2. Вортекс.

6.3.3. Мынадай талаптарды қанағаттандыратын НҚ экстракциясына арналған автоматты станция:

- "Зерттелетін материалдан ДНҚ экстракциясы" бөлімінде сипатталған экстракция кезеңдерінің бірізділігін іске асыру мүмкіндігі;
- 100-ден 500 мкл-ге дейінгі ауқымда сұйықтықтарды дозалау жүйесінің болуы;

Шешімі: N037199

Шешім тіркелген күні: 03.03.2021

Мемлекеттік орган басшысының (немесе уәкілетті тұлғаның) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса): Ахметниязова Л. М.

(Тауарлар мен көрсетілген қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті)

Осы құжат «Электронды құжат және электрондық цифрлы қол қою жөнінде» 2003 жылғы 7 қаңтардағы ҚРЗ 7-бабы 1-тармағына сәйкес қағаз түріндегі құжатқа тең

- магнетизацияланған силиканы жинауға арналған магнитті штатив немесе магнитті стержендердің болуы;

- кемінде 60°C дейін қыздыру мүмкіндігі бар термостаттың немесе термошейкердің болуы;

- сұйықтықтарды шейкерлеумен немесе пипеткамен тамызумен араластыру жүйесінің болуы.

6.3.4.Өндіруші нұсқаулығына сәйкес НҚ экстракциясына арналған автоматты станция үшін шығын материалдарының жинағы.

6.3.5.Тоңазытқыш 2-ден 8°C дейін.

6.3.6.Жеке халат, бас киім, аяқ киім және бір реттік қолғап.

6.3.7.Материалдарды шығару және инактивациялау үшін бір реттік пластик контейнерлер.

#### **6.4. СК экстракциясының қолмен әдісі жағдайындағы жинақты пайдалану кезінде**

6.4.1.Бір рет қолданылатын полипропилен бұрандалы пробиркалар және олардың қақпақтары немесе ДНҚаз бос 1,5 мл көлеммен тығыз жабылатын пробиркалар.

6.4.2.ДНҚаз бос, 100 мкл-ге дейін, 200 мкл-ге дейін және 1000 мкл-ге дейін сүзгісі бар ауыспалы көлемді дозаторларына арналған бір рет қолданылатын ұштықтар.

6.4.3.200 мкл дейін сүзгісіз ауыспалы көлемді дозаторларға арналған бір реттік ұштықтар.

6.4.4.Көлемі 1,5 мл пробиркаларға арналған штативтер.

6.4.5.Магнитті штативтерді қолдану арқылы экстракция жүргізу кезінде көлемі 1,5 мл "Эппендорф" типті пробиркаларға арналған магнитті штатив ("Зерттелетін материалдан ДНҚ экстракциясы" бөлімін қараңыз).

6.4.6.Центрифугалауды пайдалана отырып экстракция жүргізу кезінде кемінде 10 000 g жеделдетумен 1,5 мл "Эппендорф" типті пробиркаларға арналған микроцентрифуга ("Зерттелетін материалдан ДНҚ экстракциясы" бөлімін қараңыз).

6.4.7.Ламинарлық бокс биологиялық қауіпсіздік класы-II, түрі-A.

6.4.8.Вортекс.

6.4.9.60 °C дейін қыздыру мүмкіндігімен "Эппендорф" типті пробиркаларға арналған термостат.

6.4.10.Тұнба үстіндегі сұйықтықты жоюға арналған колба-қармағышы бар вакуумдық сорғыш.

6.4.11.Ауыспалы көлемнің автоматты дозаторлары.

6.4.12.Тоңазытқыш 2-ден 8 °C-ге дейін.

6.4.13.Жеке халат, бас киім, аяқ киім және бір реттік қолғап.

6.4.14.Материалдарды шығару және инактивациялау үшін бір реттік пластик контейнерлер.

Шешімі: N037199

Шешім тіркелген күні: 03.03.2021

Мемлекеттік орган басшысының (немесе уәкілетті тұлғаның) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса): Ахметниязова Л. М.

(Тауарлар мен көрсетілген қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті)

Осы құжат «Электронды құжат және электрондық цифрлы қол қою жөнінде» 2003 жылғы 7 қаңтардағы ҚРЗ 7-бабы 1-тармағына сәйкес қағаз түріндегі құжатқа тең



---

## 7. ЗЕРТТЕУ МАТЕРИАЛЫ

---

Зерттеуге арналған материал:

- қырынды материал немесе урогенитальді жолдардан бөлінетін шырышты қабық (қынаптың шырышты қабығынан жағындылар, цервикальді каналдың шырышты қабығынан эпителий қырындысы және уретраның шырышты қабығынан эпителий қырындысы);
- тік ішектен бөлінетін шырышты қабық (жағындылар);
- ауыз жұтқыншақтан бөлінетін шырышты қабық (жағындылар);
- бөлінетін конъюнктивалар (жағындылар);
- бөлінген көпіршікті бөртпелер, тері мен шырышты қабықтардың эрозиялық-жаралы зақымдануы (жағындылар);
- несеп (таңертеңгі несептің бірінші порциясындағы тұнба);
- қуық асты безінің сөлі.

Инфекциялық үдерістің әлеуетті ошағынан алынған материалды зерттеу неғұрлым ақпараттылық болып табылады. Инфекциялық үдеріс бірнеше ошақты басып алуы мүмкін болғандықтан, материалдың сынамасын барынша толық ақпарат алу үшін қабыну белгілері бар немесе инфекциялық агенттер үшін нысаналы-жасушалар орналасқан барлық ошақтардан алу қажет. Зерттелетін материалды алу орнын таңдау туралы шешімді диагностикалық міндетке байланысты емдеуші дәрігер қабылдайды.

Зерттелетін биологиялық материалды алу, алдын ала өңдеу, тасымалдау және сақтау төменде санамаланған талаптарға сәйкес жүргізілуі тиіс, оларды сақтамау зерттеудің дұрыс емес нәтижелерін алуға әкелуі мүмкін.

### 7.1. Қынаптың шырышты қабығынан жағындылар немесе қырындылар

Материалды алуды зондты қолдану жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес қынаптың артқы бүйірлік күмбезінен стерильді бір реттік зонд-тампонның немесе әмбебап зондтың көмегімен тасымалдау ортасы бар пробиркада жүргізу керек. Бөлгішті барынша толық жинау қажет. Шырыш және қан түріндегі қоспалар ең аз болуы мүмкін.

Тасымалдау ортасына орналастырылған биологиялық материалды пайдаланылатын тасымалдау ортасына арналған нұсқаулықта көрсетілген талаптарға сәйкес сақтауға және тасымалдауға міндетті. Тек бір рет материалды мұздатып қатыруға-ерітуге жол беріледі.

### 7.2. Цервикальді каналдың шырышты қабығынан эпителий қырындысы

Материалды алу алдында жатыр мойны бетінен қынаптың шырышы мен бөлінетін шырышты стерильді дәке тампонымен алып тастаңыз.

Материалды цервикальді каналдан стерильді бір реттік цервикальді цитошетканың немесе әмбебап зондтың көмегімен цитошетканы/зондты қолдану жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес тасымалдау ортасы бар пробиркада жүргізу керек. Әмбебап зондты пайдаланған кезде, қырынды бөліндінің мөлшері аз болады. Цервикальді шырыш және қан түріндегі қоспалар ең аз болуы мүмкін.

Шешімі: N037199

Шешім тіркелген күні: 03.03.2021

Мемлекеттік орган басшысының (немесе уәкілетті тұлғаның) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса): Ахметниязова Л. М.

(Тауарлар мен көрсетілген қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті)

Осы құжат «Электронды құжат және электрондық цифрлы қол қою жөнінде» 2003 жылғы 7 қаңтардағы ҚРЗ 7-бабы 1-тармағына сәйкес қағаз түріндегі құжатқа тең

Тасымалдау ортасына орналастырылған биологиялық материалды пайдаланылатын тасымалдау ортасына арналған нұсқаулықта көрсетілген талаптарға сәйкес сақтауға және тасымалдауға міндетті. Тек бір рет материалды мұздатып қатыруға-ерітуге жол беріледі.

### **7.3. Уретраның шырышты қабығынан эпителий қырындысы**

Уретрадан қырынды алу алдында уретраның сыртқы тесігін қынаптан бөлінетін затты алу үшін стерильді физиологиялық ерітіндіге батырылған тампонмен өңдеу қажет.

Уретрадан бөлінді алуды зондты қолдану жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес стерильді бір реттік әмбебап зондтың көмегімен тасымалдау ортасы бар пробиркада жүргізу керек. Шырыш және қан түріндегі қоспалар ең аз болуы мүмкін.

Тасымалдау ортасына орналастырылған биологиялық материалды пайдаланылатын тасымалдау ортасына арналған нұсқаулықта көрсетілген талаптарға сәйкес сақтауға және тасымалдауға міндетті. Тек бір рет материалды мұздатып қатыруға-ерітуге жол беріледі.

### **7.4. Тік ішектің шырышты қабығынан жағындылар**

Жағынды алу алдында анальды тесік айналасындағы аймақты сабынмен және сүмен мұқият тазалауды жүргізіңіз.

Материалды алуды зондты қолдану жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес тік ішек ампуласының бүйір қабырғаларының бетінен стерильді зонд-тампонның көмегімен тасымалдау ортасы бар пробиркада жүргізу керек. Шырыш, қан, ірің және нәжіс түріндегі қоспалар ең аз болуы мүмкін.

Тасымалдау ортасына орналастырылған биологиялық материалды пайдаланылатын тасымалдау ортасына арналған нұсқаулықта көрсетілген талаптарға сәйкес сақтауға және тасымалдауға міндетті. Тек бір рет материалды мұздатып қатыруға-ерітуге жол беріледі.

### **7.5. Ауыз жұтқыншақтың шырышты қабығынан жағындылар**

